1-слайд

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ: ӨЗГЕРІСТЕР МЕН БАСЫМ БАҒЫТТАР

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің
Балаларды ерте дамыту институтының
директоры М. Адамова

2-слайд

Үстіміздегі жылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруді дамыту моделінің жүзеге асырылуы жалғастырылатын болады. Моделді жүзеге асыру жоспары 42 ұзақ мерзімді іс-шараны қамтиды. Сонымен қатар, Модельді жүзеге асырудың басым бағыттары «Білімді Ұлт» Ұлттық жобасында және Жол картасында қарастырылған.

3-слайд

Қазіргі уақытта 7 нормативтік құжат қарастырылып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның ішінде, ең алдымен 2022 жылғы 3 тамызда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілгенін жеткіземіз *(ҚР ОАҒ №348 бұйрығы).* Құжат Әділет заң.kz сайтында қолжетімді. Жаңа стандарт негізінде Үлгілік оқу жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылды *(ҚР БҒМ №557 бұйрығы).* Стандарт талаптары халықаралық сапа бірліктеріне жақындастырылды (МСКО-2011).

4-слайд

<u>Стандарт:</u>

- *білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз етеді;*
- *мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамытушы білім беру бағдарламалары әзірленеді;*

- *мектепке дейінгі ұйымдар өздерінің дамытушы бағдарламаларын әдістемелік кеңес арқылы бекіте алады;*
- *меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан стандарт ортақ құжат;*
- *мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының жасақталуында баланың жыл соңына дейінгі толық жасы ескеріледі;*
- *дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру көзделеді;*
- *дамытушы орта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.*

Білім салаларының орнына **интеграцияда** балалардың келесі қабілеттерін дамытып, дағдыларын қалыптастыру көзделген:

1. *Физикалық қасиеттерді дамыту.*
2. *Коммуникативтік дағдыларды дамыту.*
3. *Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.*
4. *Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.*
5. *Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.*

Стандарт педагогтерге қойылатын талаптарды анықтайды.

5-слайд

<u>Үлгілік оқу жоспарында:</u>

- *балалардың дағдыларын қалыптастыру және оларды дамыту күні бойы әрекет түрлерін интеграциялау арқылы жүзеге асырылады;*
- *сағаттық жүктемені алып тастау жолымен оқу жоспарының икемділігі қамтамасыз етіледі;*

жүктемені азайту арқылы («Өзін-өзі тану», «Орыс тілі» алып тасталды) балалардың еркіндігіне жағдай жасалады.

Үлгілік оқу жоспарында сөйлеуді дамыту, балаларға кітап оқып беру, математика негіздері, шығармашылық және зерттеумен айналысу бойынша күнделікті жұмыс педагогтар мен балалардың күн бойындағы өзара қарым-қатынасына негізделеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған **сөздік минимумды үйрету**, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеті-болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуы үшін қажетті **жеке қасиеттерін қалыптастыру.**

6-слайд

Модельді толыққанды жүзеге асыру механизмі жоспарда ЖОО қатысуын қарастырады және білім бағдарламаларының мазмұны, студенттер практикасы, кафедра жанындағы балаларды ерте дамыту зертханалары, балабақша базасындағы Ресурстық орталықтарды, қайта даярлау курстарын қамтуды көздейді. Бізбен ЖОО Меморандумдар жасасып, болашақ ғалымдарды, докторанттарды тағлымдамаға жіберуде.

Қазір Абай атындағы ҰПУ-нен Институт базасында докторанттар бар және 1 магистрант ЕСЕРС бойынша эксперт деңгейіне біздің базадағы зерттеу жұмыстарының аясындағы курста сертификатталды.

Модельдің жүзеге асырылуын ғылыми-әдістемелік қолдау мақсатында Институт өз қызмет аясын кеңейтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша аккредитациялаудан өтті. Институт Жарғысына білім жетілдіру курстарын өткізу қосылды, қазір Балаларды ерте дамыту әдістемесі, сапаны бағалау тақырыптарында білім жетілдіру бағдарламалары әзірленуде және сараптамаға ұсынылды.

Стратегиялық бағыт ғылыми зерттеу жұмыстарының негізіндегі сапалы трансформациялауды, сапаны бағалау құралын өзін-өзі бағалау құралы ретінде қолданатын балабақшалар үлесін 2023 жылы – 20 %, 2024-50 %, 2025-75 %, 2026 – 100 % жеткізуді көздейді. Сонымен бірге Модельді жүзеге асыруда барлық тиісті сала құрылымдарымен ынтымақтастығымызды жалғастыра береміз, ЖОО, Әдістемелік орталықтар, қоғамдық ұйымдар, ғылыми институттар.

7-слайд

Қазіргі кезде Мақсатты бағдарламалық қаржыландыру аясында жүріп жатқан зерттеу жұмыстарының барысында дайындалған сапа өлшемшарттарының жобасы фокус топтарда талқылануда, пилоттық жоба аясында сыналуда. Үсіміздегі жылдың қыркүйек-қараша аралығында сынақтан өткізу жалғасады. Бүгінгі күні балабақшалардағы өзін-өзі бағалау құралдары, өкінішке орай, педагогикалық процесті бағалау критерийлерін қамтымайды.

Жаңа модельге сәйкес сапаны қамтамасыз ету бағытында «Құзіреттілік орталықтары» және «Күн бойындағы топтағы екі тәрбиеші» пилоттық жобалары қолға алынды. Сәуір-мамыр айларында 6 өңірден 7 балабақша осы жобаға қатысқан болатын. Қазір пилоттық жоба осы жылдың соңына дейін ұзартылды. Балабақша топтарындағы эксперименттік алаң жұмысы сарапшылардың бақылауында.

8-слайды

Жыл соңына дейін әр өңірде 20 «құзіреттілік орталықтарын» анықтау жоспарланған.

9-слайды

Сөзімнің соңында, пилоттық жоба аясындағы тәжірибесімен бөлісу үшін сөзді Павлодар қаласының № 96 «Радуга» ББ тәрбиешісі Потапова Светлана Александровнаға беруге рұқсат етіңіздер.